апталық облыстық ақпаратты-жарнамалық газеті * еженедельная областная информационно-рекламная газета

# ПРИЛОЖЕНИЕ

## к газете Приозерский Вестник

**№ 14/399** от 10 апреля 2015 года

издается с 26.06.2004 года

# ТҰРАҚТЫЛЫҚ ЖӘНЕ ЖАСАМПАЗДЫҚ БАҒЫТЫМЕН

*Жолдау жолдарынан*



Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуы мен дамуының бүкіл жолы таяу және алыс шетелдердегі экономикалық дағдарыстар шиеленістірген тұрақсыздықтың әлсін-әлсін бой көрсетулерінің өте бір қолайсыз аясында өтуде. Өкінішке қарай, бүгін де бұл сын-қатерлер төмендеген жоқ, керісінше, күшейе түсуде.

Президент өзінің 2014 жылғы қарашадағы «Нұрлы Жол – болашаққа бастар жол» Жолдауында барынша тура және айқын атап өткендей, «Таяудағы жылдардың жаһандық сынақтар уақыты болатынын мен өз тәжірибемнен сеземін. Әлемнің бүкіл архитектурасы өзгеретін болады. Осынау күрделі кезеңнен елдердің бәрі бірдей лайықты өте алмасы анық. Бұл белесті тек қуатты мемлекеттер, топтасқан халықтар ғана өте алады». Қазақстан басшысының әлемдік экономикалық дағдарыстың теріс көріністерінің, Украинадағы қанды қақтығыстардың аясында жасаған бұл мәлімдемесі қоғамда табиғи түрде алаңдаушылық туғызды. Тұрақты татулықты, тұрақтылық пен өз елінің қарқынды дамуын құрметтейтін қазақстандықтар төніп келе жатқан сынақтар жағдайында тағы да көп ұлтты халықтың бірлігін қамтамасыз ету, елдің одан әрі қарышты дамуы үшін тұрақтылықты сақтау және күш-жігерді жұмылдыру қажеттілігін жақтап шықты. Бұл көңіл-күй 2015 жылы кезектен тыс президенттік сайлау өткізу туралы Қазақстан халқы Ассамблеясының бастамасында көрініс тапты. Ұсынысқа парламентшілер, көптеген партиялар мен қоғамдық ұйымдар, сан мыңдаған еңбек ұжымдары, ғылыми және шығармашылық интеллигенция қолдау білдірді. Орын алған сынқатерлерге қарамастан, Қазақстан қазіргі электораттық науқанға жаһандық және өңірлік қауіпсіздікті қамтамасыз етуге маңызды үлес қосатын қуатты өңірлік держава атағын берік сақтай отырып, әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси дамудағы қомақты табыстармен келді.

Ол, әсіресе, украиндық дағдарыста айқын көрінді. Астанаға әлемдік державалар өкілдері жиі келетін болды. Н.Назарбаев АҚШ, Ресей, Франция, Украина президенттерімен, Германия канцлерімен және Ұлыбритания премьер-министрімен бірқатар кездесулер өткізіп, телефон арқылы сөйлесті. Украин қақтығысын бейбіт реттеу жөнінде келіссөздерге жол ашқан Путин мен Порошенконың Минскідегі алғашқы кездесуі оның шырқау шыңы болды. Үдеріске тартылған тараптарға дағдарыстан шығу жол картасын ұсына отырып, Н.Назарбаев саясаткер және адам ретінде мүмкін дегеннің бәрін жасады. Ендігі сөз оларда. Соңғы төрт жылда, геосаяси және геоэкономикалық сипаттағы барлық күрделіліктерге қарамастан, Қазақстан көп нәрсеге қол жеткізді.

Бүгінде Дүниежүзілік банктің жіктеуі бойынша Қазақстан табыс деңгейі орташа елдер қатарына кіреді және өркендеу деңгейі жөніндегі әлемдік рейтингте сенімді түрде 47-ші орын алады. Экономикалық даму мен халықтың тұрмыс деңгейін арттырудың мұндай қарқыны әлемде көп бола қойған жоқ. «2030» Стратегиясының негізгі міндеттерінің мерзімінен едәуір бұрын табысты жүзеге асқанын басшылыққа ала отырып, өз халқының жасампаз әлеуетіне барынша сене отырып, Елбасы мақсаты біздің еліміздің әлемнің неғұрлым дамыған 30 елінің қатарына қосылуы болып табылатын бұрынғыдан да бетер асқақ «Қазақстан-2050» бағдарламасын ұсынды. Сенімді экономикалық өсумен қатар, Қазақстанда демократиялық реформалардың ауқымды бағдарламасы бірқалыпты жүзеге асырылуда.

Парламенттің өкілеттігі айтарлықтай ұлғайтылды, атқарушы органдардың жұртшылық алдындағы есептілігі күшейтілді, мемлекеттік қызмет пен құқық қорғау органдарына табысты реформа жүргізілді. Елде жемқорлыққа қарсы жүйелі және бітіспес күрес жүруде, азаматтық қоғам рөлі айтарлықтай артты. Президенттікке балама кандидаттардың болуы осының нақты айғағы болып табылады, ол Қазақстан қоғамындағы шынайы пікірлер алуандығы мен идеялардың көптүрлілігін бейнелейді.

Сонымен, бір мезгілде кандидаттар бағдарламаларын әлеуметтік бағдарлылық, тұрақтылық пен елдің орнықты дамуына деген ұстаным біріктіреді. Алауыздық туғызатын экстремистік және реакциялық ұрандардың болмауы біздің қоғамымыздың саламаттылығын, оның демократиялық таңдауы мен Қазақстанның одан әрі табысты дамуына деген ұстанымын білдіреді. Бүгінгі әлемде болып жатқан күрделі үдерістер, көрші Қырғызстанда соңғы жылдары орын алған екі саяси дағдарыс, қазіргі Украинадағы қанды қақтығыс қауіпсіздікті, этносаралық және конфессияаралық келісімді қамтамасыз етпей, халықтың әл-ауқатын жақсартпай, ондай катаклизмдерден қашып құтылуға болмайтындығы туралы тарихи ақиқатты растады. Осынау оқиғалардың оларға өз тағдырларын сеніп тапсырған өз халықтарының көкейкесті мүдделерін басшылыққа алу қажеттілігі туралы бүкіл мемлекеттердегі басқарушы элитаға айқын белгі болғаны анық.

Сонда да болса, Нұрсұлтан Назарбаев «Нұр Отан» партиясының XVI съезінде әділ түрде атап көрсеткендей, «…жаһандық сын-қатерлер мен тәуекелдердің тереңдігі сондай, әр мемлекеттің тұрақтылығы мен табыстылығы туралы мәселені күн тәртібіне қояды.

Сондықтан біздің алдымызда жаңа міндеттер тұр.

**Біріншіден**, сыртқы факторлар ықпалының мемлекет құрылысына теріс сценарийіне жол бермеу.

**Екіншіден**, дамудың қол жеткізілген қарқынын сақтау.

**Үшіншіден**, одан әрі даму үшін жағдайлар дайындау.

**Төртіншіден**, әлемнің дамыған 30 мемлекетіне қарай қозғалуды жалғастыру. Жаһандық сынқатерлерге қалыптан тыс және қуатты жауап беру қажет…».

Халықтың бірлігі мен топтасқандығының берік іргетасына, мемлекеттің экономикалық қуатына сүйеніле отырып, бүгінде елімізді одан әрі сатылап нығайту мен дамытуға старт берілді, күшті мемлекет оның тәжіне айналуы тиіс. Осының бәрі, сөз жоқ, біздің халқымыздың терең мүдделері мен мақсаттарына жауап береді, оның ертеңгі күнге деген сенімінің кепілі болып табылады. Өкінішке қарай, көптеген елдерде электораттық үдерістер адамдарды жікке бөледі, бірақ, Президенттің әділ мәлімдегеніндей, «Қазақстан үшін сайлау әрқашанда қоғамдағы бірлік пен келісімнің жоғары механизмі болды. Бүгін де, және әр кезде де солай боларына сенімдімін!». Бұл ретте Елбасы сөзінен асыра айту қиын. Алдағы кезектен тыс президенттік сайлаудың Халық пен қазақстандықтар өзінің бүгінгі және болашақтағы әл-ауқатын байланыстыратын Елбасының мызғымас Бірлігін тағы да көрсетіп беретініне еш күмән жоқ.

**Қанат Саудабаев,**
**Н.Ә.Назарбаевтың мәдениет, білім беру және әлеуметтік бағдарламалар қорының директоры**
**http://egemen.kz**/,
*10.04.2015 ж.*

## «ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ ІШКІ САЯСАТ, МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ТІЛДЕРДІ ДАМЫТУ БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ ЕРЕЖЕСІН БЕКІТУ ТУРАЛЫ»

**Приозерск қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 26 наурыздағы № 13/1 қаулысы.**
**Қарағанды облысы Әділет департаментінде 2015 жылдың 2 сәуірінде № 3108 болып тіркелді.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», 2000 жылғы 27 карашадағы «Әкімшілік рәсімдер туралы» Заңдарын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 29 қазандағы № 410 «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органының үлгі ережесін бекіту туралы» Жарлығына сәйкес, Приозерск қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1.Қоса берілген «Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесінің ережесі бекітілсін.

2.Приозерск қаласы әкімдігінің 2013 жылғы 28 ақпандағы № 07/59 «Приозерск қаласының ішкі саясат бөлімі» мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы» қаулысының күші жойылсын.

3.Осы қаулының орындалуын бақылау Приозерск қаласы әкімінің орынбасары Б.Ә. Қазиеваға жүктелсін.

4.Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қала әкімі** **Қ. Камзин**

Приозерск қаласы әкімдігінің
2015 жылғы 26 наурыздағы
№ 13/1 қаулысымен бекітілген

## «ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ ІШКІ САЯСАТ, МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ТІЛДЕРДІ ДАМЫТУ БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ ЕРЕЖЕСІ

### 1.ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.«Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік

*(жалғасы 2 бет.)*

## «ОБ УТВЕРЖДЕНИИ ПОЛОЖЕНИЯ ГОСУДАРСТВЕННОГО УЧРЕЖДЕНИЯ «ОТДЕЛ ВНУТРЕННЕЙ ПОЛИТИКИ, КУЛЬТУРЫ И РАЗВИТИЯ ЯЗЫКОВ ГОРОДА ПРИОЗЕРСК».

**Постановление акимата города Приозерск от 26 марта 2015 года № 13/1.**
**Зарегистрировано в Департаменте юстиции Карагандинской области 2 апреля 2015 года за № 3108.**

Руководствуясь Законами Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», от 27 ноября 2000 года «Об административных процедурах», в соответствии с Указом Президента Республики Казахстан от 29 октября 2012 года № 410 «Об утверждении Типового положения государственного органа Республики Казахстан», акимат города Приозерск **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1.Утвердить прилагаемое Положение государственного учреждения «Отдел внутренней политики, культуры и развития языков города Приозерск».

2.Отменить постановление акимата города Приозерск от 28 февраля 2013 года № 07/59 «Об утверждении Положения государственного учреждения «Отдел внутренней политики города Приозерск».

3.Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на заместителя акима города Приозерск Казиеву Б.А.

4.Настоящее постановление вводится в действие со дня первого официального опубликования.

**Аким города** **К. Камзин**

Утверждено постановлением
акимата города Приозерск
от 26 марта 2015 года № 13/1

## ПОЛОЖЕНИЕ ГОСУДАРСТВЕННОГО УЧРЕЖДЕНИЯ «ОТДЕЛ ВНУТРЕННЕЙ ПОЛИТИКИ, КУЛЬТУРЫ И РАЗВИТИЯ ЯЗЫКОВ ГОРОДА ПРИОЗЕРСК»

### 1.ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ

1.Государственное учреждение «Отдел внутренней политики, культуры и развития

*(продолжение на стр.2)*

## ТҰРҒЫНДАРДЫҢ НАЗАРЫНА *** К СВЕДЕНИЮ НАСЕЛЕНИЯ

### «ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ ІШКІ САЯСАТ, МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ТІЛДЕРДІ ДАМЫТУ БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ ЕРЕЖЕСІ

*(жалғасы. басы 1 бет.)*

мекемесі (бұдан әрі – Мекеме) ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту саласындағы мемлекеттік басқаруды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы мемлекеттік органы болып табылады.

2.Мекеме өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3.Мекеме мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4.Мекеме азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5.Мекеме егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

6.Мекеме өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Мекеме басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7.Мекеменің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

8.Заңды тұлғаның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 101100, Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, Пушкин көшесі, 7 үй.

9.Мемлекеттік органның толық атауы:

мемлекеттік тілде – «Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі;

орыс тілінде – государственное учреждение «Отдел внутренней политики, культуры и развития языков города Приозерск».

10.Осы Ереже Мекеменің құрылтай құжаты болып табылады.

11.Мекеменің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

12.Мекемеге кәсіпкерлік субъектілерімен Мекеменің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер, Мекемеге заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

### 2.МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАННЫҢ МИССИЯСЫ, НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІ, ФУНКЦИЯЛАРЫ, ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

13.Мекеменің миссиясы:

1)қоғамдық орындарды абаттандыру және сыртқы безендіру мәселелерін шешу;

2)этносаралық және конфессияаралық келісім саласында қоғамдық-саяси тұрақтылықты нығайтуға бағытталған мемлекеттік саясатты тиімді іске асыру;

3)Приозерск қаласы тұрғындарының әлеуметтік оптимизмін қалыптастыру, сонымен қатар, азаматтық қоғам институттарын қолдау және дамыту;

4)ақпараттық кеңістіктің бәсекеге қабілеттілігін арттыру;

5)қала аумағындағы экологиялық, тарихи, мәдени немесе ғылыми құндылығы бар табиғи және өзге де объектілерді табиғаттың, тарих пен мәдениеттің қорғалатын ескерткіштері деп жариялау туралы ұсыныс енгізу;

6)қала тұрғындарына заман талабына сай мәдени ортаны және азаматтардың әлеуметтік оптимизмдерін қалыптастыруға ықпал ететін мәдениет саласында қолжетімді және сапалы қызмет ұсыну;

7)мемлекеттік тілді дамытуды басты назарға ала отырып, қала аумағында тұратын халықтардың тілдерін дамытуға және үштілділік приципін қолдану мен таратуға бағытталған, тілдерді дамыту жүйесін жүзеге асыру.

14.Міндеттері:

1)қоғамдық - саяси тұрақтылықты, қоғамдық үрдістерді демократияландыруды, қоғамды топтастыруды қамтамасыз ету бойынша мемлекеттік саясатты іске асыру, азаматтық патриотизмде тәрбиелеу;

2)Қазақстанның даму Стратегиясының негізгі басымдықтарын түсіндіру және насихаттау, қаланың даму бағдарламаларына қалалық бұқаралық ақпарат құралдарының ақпараттық қолдау көрсетуін ұйымдастыру;

3)елдің даму Стратегиясын іске асырудағы азаматтық қоғам институттарының қатысу шеңберін кеңейту;

4)бұқаралық ақпарат құралдарының қызметіне мониторинг жүргізу;

5)қаланың сыртқы безендіруін үйлестіру және идеологиялық қамтамасыз ету;

6)мәдениет саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыру;

7)саз, хореографиялық, театралдық, бейнелеу және өнердің басқа да түрлерінің дамуына жағдай жасау;

8)мәдени- көпшілік іс-шараларды ұйымдастыру.

15.Функциялары:

1)ішкі саясат саласында жергілікті мемлекеттік органдар жұмысын үйлестіру, ішкі саясат, этносаралық және конфессияаралық салалардағы мемлекеттік саясатты айқындайтын тұжырымдамаларды, бағдарламаларды әзірлеуге және іске асыруға қатысу;

2)ішкі саяси тұрақтылықты, қоғамды топтастыруды қамтамасыз ету бойынша жұмыстарды ұйымдастыру, қазақстандық патриотизмді насихаттау мен оған тәрбиелеу, азаматтық қоғам институттарының қатысуымен қалалық қоғамдық- саяси іс- шараларды өткізу;

3)қаладағы қоғамдық - саяси үрдістерді және олардың даму тенденцияларын жан-жақты, объективті зерттеу, жинақтау және саралау;

4)конституциялық принциптерді және Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтау бойынша саяси партиялар, қозғалыстар және қоғамдық бірлестіктермен жұмыс істеу;

5)мемлекеттік рәміздерді насихаттау және қала аумағында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес олардың қолданылуына мониторинг жүргізу;

6)ел дамуының ұзақ мерзімді басымдықтарына сәйкес мемлекеттік жастар саясатын іске асыру;

7)жергілікті мемлекеттік органдардың ақпараттық - насихаттау жұмысын үйлестіру, аймақтық бұқаралық ақпарат құралдары арқылы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүргізу;

8)мемлекеттік тапсырысты орындау бойынша аймақтық бұқаралық ақпарат құралдарының жұмысын үйлестіру;

9)бірыңғай мемлекеттік ішкі саясатты іске асыру бойынша саяси партиялармен,

*(соңы 3 бет.)*

### ПОЛОЖЕНИЕ ГОСУДАРСТВЕННОГО УЧРЕЖДЕНИЯ «ОТДЕЛ ВНУТРЕННЕЙ ПОЛИТИКИ, КУЛЬТУРЫ И РАЗВИТИЯ ЯЗЫКОВ ГОРОДА ПРИОЗЕРСК»

*(продолжение. начало на стр.1)*

языков города Приозерск» (далее – Учреждение) является государственным органом Республики Казахстан, осуществляющим руководство в сферах внутренней политики, культуры и развития языков.

2.Учреждение осуществляет свою деятельность в соответствии с Конституцией и законами Республики Казахстан, актами Президента и Правительства Республики Казахстан, иными нормативными правовыми актами, а также настоящим Положением.

3.Учреждение является юридическим лицом в организационно-правовой форме государственного учреждения, имеет печати и штампы со своим наименованием на государственном языке, бланки установленного образца, в соответствии законодательством Республики Казахстан счета в органах казначейства.

4.Учреждение вступает в гражданско-правовые отношения от собственного имени.

5.Учреждение имеет право выступать стороной гражданско-правовых отношений от имени государства, если оно уполномочено на это в соответствии с законодательством.

6.Учреждение по вопросам своей компетенции в установленном законодательством порядке принимает решения, оформляемые приказами руководителя Учреждения и другими актами, предусмотренными законодательством Республики Казахстан.

7.Структура и лимит штатной численности Учреждения утверждаются в соответствии с действующим законодательством.

8.Местонахождение юридического лица: Республика Казахстан, 101100, Карагандинская область, город Приозерск, улица Пушкина, дом 7.

9.Полное наименование государственного органа:

на государственном языке – «Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі;

на русском языке – государственное учреждение «Отдел внутренней политики, культуры и развития языков города Приозерск».

10.Настоящее Положение является учредительным документом Учреждения.

11.Финансирование деятельности Учреждения осуществляется из местного бюджета.

12.Учреждению запрещается вступать в договорные отношения с субъектами предпринимательства на предмет выполнения обязанностей, являющихся функциями Учреждения.

Если Учреждению законодательными актами предоставлено право осуществлять приносящую доходы деятельность, то доходы, полученные от такой деятельности, направляются в доход государственного бюджета.

### 2.МИССИЯ, ОСНОВНЫЕ ЗАДАЧИ, ФУНКЦИИ, ПРАВА И ОБЯЗАННОСТИ ГОСУДАРСТВЕННОГО ОРГАНА

13.Миссия Учреждения:

1)решение вопросов благоустройства и внешнего оформления общественных мест;

2)эффективная реализация государственной политики, направленной на укрепление общественно-политической стабильности в области межэтнического и межконфессионального согласия;

3)формирование социального оптимизма жителей города Приозерск, а также поддержку и развитие институтов гражданского общества;

4)повышение конкурентоспособности информационного пространства;

5)внесение предложения об объявлении охраняемыми памятниками природы, истории и культуры находящиеся на территории города природные и иные объекты, представляющие экологическую, историческую, культурную или научную ценность;

6)предоставление качественных и доступных услуг в области культуры, способствующих формированию современной культурной среды и социального оптимизма граждан, населяющих город;

7)реализация системы развития языков, направленной на распространение и применение принципа триединства языков и развития языков народов, проживающих на территории города, с приоритетным развитием государственного языка.

14.Задачи:

1)реализация государственной политики по обеспечению общественно -политической стабильности, демократизации общественных процессов и консолидации общества, воспитанию гражданского патриотизма;

2)разъяснение и пропаганда основных приоритетов Стратегии развития Казахстана, организация информационной поддержки программ развития города городскими средствами массовой информации;

3)расширение участия институтов гражданского общества в реализации Стратегии развития страны;

4)осуществление мониторинга деятельности городских средств массовой информации;

5)координация и идеологическое обеспечение наружного оформления города;

6)реализация государственной политики в области культуры;

7)создание условий для развития музыкального, хореографического, театрального, изобразительного и других видов искусств;

8)организация культурно - массовых мероприятий.

15.Функции:

1)координация деятельности местных государственных органов в сфере внутренней политики, участие в разработке и реализации концепций, программ, определяющих государственную политику в межэтнической и межконфесиональной сфере;

2)организация работы по обеспечению внутриполитической стабильности, консолидации общества, пропаганде и воспитанию казахстанского патриотизма, проведению городских общественно-политических мероприятий с участием представителей институтов гражданского общества;

3) всестороннее и объективное изучение, обобщение и анализ происходящих в городе общественно - политических процессов и тенденций их развития;

4) работа с политическими партиями, движениями и общественными объединениями по соблюдению конституционных принципов и законодательства Республики Казахстан;

5)пропаганда государственных символов и осуществление мониторинга их использования на территории города в соответствии с законодательством Республики Казахстан;

6)реализация государственной молодежной политики в соответствии с долгосрочными приоритетами развития страны;

7)координация информационно - пропагандистской работы местных исполнительных органов, проведение информационно - разъяснительной работы по основным направлениям государственной политики через региональные средства массовой информации;

8)координация деятельности региональных средств массовой информации по выполнению государственного заказа;

9)осуществление взаимосвязи с политическими партиями, общественными и

*(окончание на стр.3)*

## ТҰРҒЫНДАРДЫҢ НАЗАРЫНА *** К СВЕДЕНИЮ НАСЕЛЕНИЯ

### «ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ ІШКІ САЯСАТ, МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ТІЛДЕРДІ ДАМЫТУ БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ ЕРЕЖЕСІ

*(соңы. басы 1-2 бет.)*

қоғамдық және діни бірлестіктермен, кәсіби одақтармен өзара байланыс жасау;

10)қаланың сыртқы безендірілуін үйлестіру және идеологиялық қамтамасыз ету;

11)тілдерді қолдану мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасын қала аумағында жүзеге асыру бойынша іс-шаралар жоспарын әзірлеу және орындалуын қамтамасыз ету;

12)мемлекеттік және басқа тілдерді дамытуға бағытталған қалалық іс- шараларды өткізу;

13)жергілікті атқарушы органдарға театрлық, музыкалық және кино өнері, кітапхана және мұражай ісі, мәдени-сауық жұмысы саласындағы мемлекеттік мәдени ұйымдарды құру туралы ұсыныс енгізу, сонымен қатар олардың қызметін қолдау мен үйлестіруді жүзеге асыру;

14)жергілікті маңызлағы тарихи, материалдық және рухани мәдениет ескерт-кіштеріне санақ жүргізу, қорғау және пайдалану бойынша жұмысты ұйымдастыру;

15)қалалық мәдени мекемелердің қызметкерлерін аттестациялауды ұйымдастыру;

16)қаланың мәдени нысандарын салу, жөндеу және қалпына келтіру бойынша ұсыныстарды енгізу.

16.Құқықтары мен міндеттері:

1)мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардан, өзге де ұйымдар мен азаматтардан белгіленген тәртіппен өз функцияларын орындауға қажетті ақпаратты сұрауға, мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдардың қызметкерлерін Мекеме құзыретіне жататын сұрақтарды дайындауға тарту, тиісті ұсыныстарды әзірлеу үшін уақытша жұмыс топтарын құруға;

2)ішкі саясат саласындағы мемлекеттік органдар қызметін жетілдіру жөнінде әкімге ұсыныстар енгізуге;

3)тиісті мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғаларға Мекеменің қызметіне қатысты тапсырмалар беру, олардың орындалуын бақылау, сондай-ақ орталық және жергілікті атқарушы органдар өткізетін іс-шараларға қатысуға;

4)бюджеттік бағдарламаларды қаржыландыруды жүзеге асыруға;

5)ішкі саясат саласының, адам құқықтарын сақтау және Мекеменің құзыретіне жататын өзге де мәселелер бойынша мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғаларына ұйымдық - әдістемелік, ақпараттық және өзге де көмек көрсетуге;

6)мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, олардың лауазымды тұлғаларынан қажетті ақпаратты және материалды сұратуға және алуға;

7)қолданыстағы заңдарда көрсетілген басқа да құқықтарды жүзеге асыруға.

#### 3.МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАННЫҢ ҚЫЗМЕТІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

17.Мекемеге басшылықты Мекемеге жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

18.Мекеменің бірінші басшысын Приозерск қаласының әкімі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

19.Мекеменің бірінші басшысының өкілеттігі:

1)Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте Мекеменің қызметкерлерін лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады;

2)заңмен белгіленген тәртіпте Мекеменің қызметкерлерін көтермелеу және тәртіптік жазаға тарту шараларын қолданады;

3)бұйрықтарға қол қояды;

4)барлық мемлекеттік органдарда және басқа да ұйымдарда Мекеменің мүддесін қорғайды;

5)сенімхаттар береді;

6)өз құзыретінің шегінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарының орындалуын қаматамасыз етеді және осы үшін жеке жауапкершілікті тартады;

7)қолданыстағы заңнамаға сәйкес өзге де өкілеттіліктерді жүзеге асырады.

Мекеменің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

#### 4.МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАННЫҢ МҮЛКІ

20.Мекеменің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Мекеменің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

21.Мекемеге бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

22.Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Мекеменің өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

#### 5. МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДЫ ҚАЙТА ҰЙЫМДАСТЫРУ МЕН ТАРАТУ

23.Мекемені қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

### «ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ 2015 ЖЫЛҒЫ 15 ҚАҢТАРДАҒЫ № 2/2 ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ ТҰРҒЫН-ҮЙ КОММУНАЛДЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ, ЖОЛАУШЫЛАР КӨЛІГІ ЖӘНЕ АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫ БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ ЕРЕЖЕСІН БЕКІТУ ТУРАЛЫ» ҚАУЛЫСЫНА ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ»

**Приозерск қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 2 наурыздағы № 9/1 қаулысы.**

**Қарағанды облысы Әділет департаментінде 2015 жылдың 30 наурызында № 3078 болып тіркелді.**

*(соңы 4 бет.)*

### ПОЛОЖЕНИЕ ГОСУДАРСТВЕННОГО УЧРЕЖДЕНИЯ «ОТДЕЛ ВНУТРЕННЕЙ ПОЛИТИКИ, КУЛЬТУРЫ И РАЗВИТИЯ ЯЗЫКОВ ГОРОДА ПРИОЗЕРСК»

*(окончание. начало на стр.1-2)*

религиозными объединениями, профессиональными союзами по вопросам реализации единой государственной внутренней политики;

10)координация и идеологическое обеспечение наружного оформления города;

11)разработка и обеспечение осуществления плана мероприятий по реализации на территории города государственной программы функционирования и развития языков;

12)проведение мероприятий городского уровня, направленных на развитие государственного и других языков;

13)внесение в местный исполнительный орган предложений о создании государственных организаций культуры города в сфере театрального, музыкального и киноискусства, библиотечного и музейного дела, культурно-досуговой работы, а так же осуществление поддержки и координации их деятельности;

14)организация работы по учету, охране использованию памятников истории, материальной и духовной культуры местного значения;

15)осуществление проведения аттестации работников организаций культуры города;

16)внесение предложений по строительству, реконструкции и ремонту объектов культурного назначения города.

16.Права и обязанности:

1)запрашивать в установленном порядке от государственных органов и должностных лиц, иных организаций и граждан информацию, необходимую для выполнения своих функций, привлекать работников государственных органов и иных организаций к участию в подготовке вопросов, относящихся к компетенции Учреждения, создавать временные рабочие группы для выработки соответствующих предложений;

2)вносить предложения акиму по совершенствованию организации деятельности государственных органов в сфере внутренней политики;

3)давать поручения, относящиеся к сфере деятельности Учреждения, соответствующим государственным органам и должностным лицам, контролировать их исполнение, а также участвовать в мероприятиях, проводимых центральными и местными исполнительными органами;

4)осуществлять финансирование бюджетных программ;

5)оказывать организационно - методическую, информационную и иную помощь должностным лицам государственных органов, в ведении которых находятся вопросы сферы внутренней политики, соблюдения прав человека и иные вопросы, входящие в компетенцию Учреждения;

6)запрашивать и получать в установленном порядке от государственных органов, организаций, их должностных лиц необходимую информацию и материалы;

7)осуществлять иные права, предусмотренные действующими законами.

#### 3.ОРГАНИЗАЦИЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ГОСУДАРСТВЕННОГО ОРГАНА

17.Руководство Учреждением осуществляется первым руководителем, который несет персональную ответственность за выполнение возложенных на Учреждение задач и осуществление им своих функций.

18.Первый руководитель назначается на должность и освобождается от должности акимом города Приозерск.

19.Полномочия первого руководителя Учреждения:

1)в соответствии с законодательством Республики Казахстан назначает на должность и освобождает от должности сотрудников Учреждения;

2)в установленном законодательством порядке налагает дисциплинарные взыскания и применяет меры по поощрению сотрудников Учреждения;

3)подписывает приказы;

4)представляет Учреждение во всех государственных органах и иных организациях;

5)выдает доверенности;

6)в пределах своей компетенции обеспечивает исполнение требований антикоррупционного законодательства и несет за это персональную ответственность;

7)осуществляет иные полномочия, установленные действующим законодательством.

Исполнение полномочий первого руководителя Учреждения в период его отсутствия осуществляется лицом, его замещающим в соответствии с действующим законодательством.

#### 4.ИМУЩЕСТВО ГОСУДАРСТВЕННОГО ОРГАНА

20.Учреждение может иметь на праве оперативного управления обособленное имущество в случаях, предусмотренных законодательством.

Имущество Учреждения формируется за счет имущества, переданного ему собственником, а также имущества (включая денежные доходы), приобретенного в результате собственной деятельности и иных источников, не запрещенных законодательством Республики Казахстан.

21.Имущество, закрепленное за Учреждением, относится к коммунальной собственности.

22.Учреждение не вправе самостоятельно отчуждать или иным способом распоряжаться закрепленным за ним имуществом и имуществом, приобретенным за счет средств, выданных ему по плану финансирования, если иное не установлено законодательством.

#### 5. РЕОРГАНИЗАЦИЯ И УПРАЗДНЕНИЕ ГОСУДАРСТВЕННОГО ОРГАНА

23.Реорганизация и упразднение Учреждения осуществляются в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

### «О ВНЕСЕНИИ ИЗМЕНЕНИЙ И ДОПОЛНЕНИЙ В ПОСТАНОВЛЕНИЕ АКИМАТА ГОРОДА ПРИОЗЕРСК № 2/2 ОТ 15 ЯНВАРЯ 2015 ГОДА «ОБ УТВЕРЖДЕНИИ ПОЛОЖЕНИЯ ГОСУДАРСТВЕННОГО УЧРЕЖДЕНИЯ «ОТДЕЛ ЖИЛИЩНО-КОММУНАЛЬНОГО ХОЗЯЙСТВА, ПАССАЖИРСКОГО ТРАНСПОРТА И АВТОМОБИЛЬНЫХ ДОРОГ ГОРОДА ПРИОЗЕРСК»

**Постановление акимата города Приозерск от 2 марта 2015 года № 9/1.**

**Зарегистрировано в Департаменте юстиции Карагандинской области 30 марта 2015 года за № 3078.**

*(окончание на стр.4)*

## ТҰРҒЫНДАРДЫҢ НАЗАРЫНА *** К СВЕДЕНИЮ НАСЕЛЕНИЯ

### «ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ 2015 ЖЫЛҒЫ 15 ҚАҢТАРДАҒЫ № 2/2 ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ ТҰРҒЫН-ҮЙ КОММУНАЛДЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ, ЖОЛАУШЫЛАР КӨЛІГІ ЖӘНЕ АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫ БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ ЕРЕЖЕСІН БЕКІТУ ТУРАЛЫ» ҚАУЛЫСЫНА ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ»

*(соңы. басы 3 бет.)*

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», 2000 жылғы 27 қарашадағы «Әкімшілік рәсімдер туралы» Заңдарын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 29 қазандағы № 410 «Қазақстан Республикасы мемлекеттік органының үлгі ережесін бекіту туралы» Жарлығына сәйкес, Приозерск қаласы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1.Приозерск қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 15 қаңтардағы № 2/2 «Приозерск қаласының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 2976 болып тіркелген, «Приозерский вестник» газетінде 2015 жылдың 27 ақпанында № 08/393 жарияланған) қаулысына келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1)аталған қаулыда тақырып келесі редакцияда мазмұндалсын:

«Приозерск қаласының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы»;

2)қаулыда 1 тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:

«1.«Приозерск қаласының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің ережесі (бұдан әрі – Ереже) қосымшаға сәйкес бекітілсін.»;

3)«Приозерск қаласының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің ережесінде тақырыбы келесі редакцияда мазмұндалсын:

«Приозерск қаласының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің ережесі»;

4)ережеде 1 тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:

«1. «Приозерск қаласының тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі Приозерск қаласының тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы саласында мемлекеттік басқару және бақылау міндеттерін орындауға уәкілетті мемлекеттік орган болып табылады (бұдан әрі - Мекеме).»;

5)ережеде 9 тармақ келесі редакцияда мазмұндалсын:

«Мемлекеттік органның толық атауы:

мемлекеттік тілде - «Приозерск қаласының тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі;

орыс тілінде - государственное учреждение «Отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта, автомобильных дорог и жилищной инспекции города Приозерск».»;

6)ережеде 14 тармақ келесі мазмұндағы 27, 28, 29, 30, 31, 32 тармақшалармен толықтырылсын:

«27)өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес кондоминиум объектісінде және үйдің маңындағы аумақта үй-жай (пәтер) меншік иесінің ортақ мүлкін қолдану, күтіп-ұстау, пайдалану және жөндеу тәртібінің сақталуына бақылау функцияларын жүзеге асырады;

28)өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес тұрғын үйлерде (тұрғын ғимараттарда) үйге ортақ жылуды, энергияны, газды және су ресурстарын есептейтін аспаптардың болуына бақылау функцияларын жүзеге асырады;

29)өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес кондоминиум объектісіндегі үй-жай меншік иелерінің ортақ мүлігінің және оның инженерлік жабдықтарының техникалық жай-күйіне, қолданыстағы нормативтік-техникалық және жобалық құжаттамаларға сәйкес оны күтіп-ұстау және жөндеу бойынша жұмыстардың уақытында орындалуына бақылау функцияларын жүзеге асырады;

30)өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес тұрғын үйді (тұрған ғимаратты) маусымдық пайдалануға дайындау жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыруға бақылау функцияларын жүзеге асырады;

31)өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес қабылданған шешімдерді және анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі нұсқаманы орындауға мемлекеттік бақылау функцияларын жүзеге асырады;

32)өзіне жүктелген міндеттерге сәйкес тексеруді Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Заңына сәйкес жүргізеді.»;

7)ережеде 16 тармақ келесі мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

«3)тұрғын үй қорын күтіп-ұстау ережелерін бұзушылықтарды жою туралы орындалуы міндетті нұсқама шығаруға құқығы бар.».

2.Осы қаулының орындалуын бақылау Приозерск қаласы әкімінің орынбасары Д.Ш. Сәденовке жүктелсін.

3.Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қала әкімі Қ. Камзин**

### «О ВНЕСЕНИИ ИЗМЕНЕНИЙ И ДОПОЛНЕНИЙ В ПОСТАНОВЛЕНИЕ АКИМАТА ГОРОДА ПРИОЗЕРСК № 2/2 ОТ 15 ЯНВАРЯ 2015 ГОДА «ОБ УТВЕРЖДЕНИИ ПОЛОЖЕНИЯ ГОСУДАРСТВЕННОГО УЧРЕЖДЕНИЯ «ОТДЕЛ ЖИЛИЩНО-КОММУНАЛЬНОГО ХОЗЯЙСТВА, ПАССАЖИРСКОГО ТРАНСПОРТА И АВТОМОБИЛЬНЫХ ДОРОГ ГОРОДА ПРИОЗЕРСК»

*(окончание. начало на стр.3)*

Руководствуясь Законами Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», от 27 ноября 2000 года «Об административных процедурах», в соответствии с Указом Президента Республики Казахстан от 29 октября 2012 года № 410 «Об утверждении Типового положения государственного органа Республики Казахстан», акимат города Приозерск **ПОСТАНОВЛЯЕТ**:

1.Внести в постановление акимата города Приозерск от 15 января 2015 года № 2/2 «Об утверждении Положения государственного учреждения «Отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог города Приозерск» (зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за № 2976, опубликовано в газете «Приозерский вестник» 27 февраля 2015 года № 08/383) следующие изменения и дополнения:

1)в указанном постановлении заголовок изложить в следующей редакции:

«Об утверждении Положения государственного учреждения «Отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта, автомобильных дорог и жилищной инспекции города Приозерск»;

2)в постановлении пункт 1 изложить в следующей редакции:

«1.Утвердить Положение государственного учреждения «Отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта, автомобильных дорог и жилищной инспекции города Приозерск» (далее – Положение) согласно приложению.»;

3)в положении государственного учреждения «Отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта, автомобильных дорог и жилищной инспекции города Приозерск» заголовок изложить в следующей редакции:

«Положение государственного учреждения «Отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта, автомобильных дорог и жилищной инспекции города Приозерск»;

4)в положении пункт 1 изложить в следующей редакции:

«1.Государственное учреждение «Отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта, автомобильных дорог и жилищной инспекции города Приозерск» является государственным органом, уполномоченным на выполнение функций государственного управления и контроля в области жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта , автомобильных дорог и жилищной инспекции города Приозерск (далее - Учреждение).»;

5)в положении пункт 9 изложить в следующей редакции:

«Полное наименование государственного органа:

на государственном языке – «Приозерск қаласының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын-үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі;

на русском языке – государственное учреждение «Отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта, автомобильных дорог и жилищной инспекции города Приозерск».»;

6)в положении пункт 14 дополнить подпунктами 27, 28, 29, 30, 31, 32 следующего содержания:

«27)в соответствии с возложенными на нее полномочиями осуществляет функции государственного контроля за соблюдением порядка использования, содержания, эксплуатации и ремонта общего имущества собственников помещений (квартир) в объекте кондоминиума и территорий прилегающей к объекту кондоминиума;

28)в соответствии с возложенными на нее полномочиями осуществляет функции государственного контроля за наличием в жилых домах (жилых зданиях) общедомовых приборов учета тепло-, энерго-, газо- и водоресурсов;

29)в соответствии с возложенными на нее полномочиями осуществляет функции государственного контроля за техническим состоянием общего имущества собственников помещений в объекте кондоминиума и его инженерного оборудования, своевременным выполнением работ по его содержанию и ремонту в соответствии с действующими нормативно-техническими и проектными документами;

30)в соответствии с возложенными на нее полномочиями осуществляет функции государственного контроля за осуществлением мероприятий по подготовке жилого дома (жилого здания) к сезонной эксплуатации;

31)в соответствии с возложенными на нее полномочиями осуществляет функции государственного контроля за выполнением принятых решений и предписаний по устранению выявленных нарушений;

32) проводят проверки в соответствии с Законом Республики Казахстан от 6 января 2011 года "О государственном контроле и надзоре в Республике Казахстан".»;

7)в положении пункт 16 дополнить подпунктом 3) следующего содержания:

«3)выносят обязательные для исполнения Предписания по устранению нарушений правил содержания общего имущества объекта кондоминиума.».

2.Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на заместителя акима города Приозерск Саденова Д.Ш.

3.Настоящее постановление вводится в действие со дня первого официального опубликования.

**Аким города К. Камзин**

**Собственник: ИП Бухарбаева А.А..**
Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан
Свидетельство о постановке на учет СМИ **№ 15037-Г** от 26.12.2014г.
**Адрес редакции**: 101100 г. Приозерск, ЦР (временно).
**Справки по тел.** +7-705-981-86-79 (Гл. редактор),
+7-702-604-02-60 (тех. редактор)
**E-mail**: prz_westnik@mail.ru **Веб-сайт**: www.prio-vestnik.kz
Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда,
ул. Сатпаева 15. Заказ -***Приложение к газете № 14/399***
Тираж: 500 экз., объем- 1 п.л., формат - А2, 4 стр.

**Главный редактор: Кенжебеков Б.А.**
**Технический редактор: Струментов А.В.**
**Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-705-466-60-63**
**Корреспонденция принимается на электронный адрес: prz_westnik@mail.ru**

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г.Приозерске и г.Караганде, а также по подписке во всех городах и районах области.
Подписной индекс - 65041

*Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.*